



Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 31 қаңтардағы N 143 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 21 қазан N 143в

Бюджеттік қаражатты ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 31 қаңтардағы N 143

P020143_

қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

6-тармақтың кестесінде:

010 "Кадрлардың біліктілігін көтеру және қайта даярлау" деген бағдарламасында:

005 "Мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін көтеру" деген кіші бағдарламасында:

5-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Біліктілікті арттырудың бекітілген жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің, Фармация, фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіп комитетінің, Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитетінің, аумақтық бөлімшелердің 160 қызметкерінің біліктілігін көтеру";

2) көрсетілген қаулыға 42-қосымшада:

6-тармақтың кестесінде:

053 "Республикалық денсаулық сақтау ұйымдарына күрделі жөндеу жасау" деген бағдарламасында:

5-бағанда: "16" деген сан "18" деген санмен ауыстырылсын;

"аурухана" деген сөзден кейін "; Республикалық клиникалық психиатриялық

аурухана; Алматы мемлекеттік дәрігерлердің білімін жетілдіру институты" деген сөздермен толықтырылсын;

3) көрсетілген қаулыға 46-қосымшада:
6-тармақтың кестесінде:

059 "Онкологиялық ұйымдар үшін медициналық жабдықтарды

орталықтандырылған сатып алу" деген бағдарламасында:

5-бағанда "Желілік үдеткіш - Онкология және радиология ҒЗИ 1" деген сөздер "Онкология және радиология ҒЗИ: Желілік үдеткіш - 1; Зерттеу микроскопы - 2; Автомат-зертханашы - 1; Микротом - 1; Криостат - 1; Дірілдеткіш микротом пышақтарын қайрауға арналған аппарат - 1; Автостейнер - 1; Фибродуоденоскоп - 1; Маммограф - 1; Хирургиялық сүйекті жинақ - 1; Эндохирургиялық кешен - 1; Операция үстелі - 2" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.